



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

Қазақстан Республикасындағы
2024 жылғы құрылыстағы баға индексі

Мазмұны

S.1 Байланыс деректері

S.2 Өзектілік- кіріспе

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.5 Өлшем бірлігі

S.6 Есепті кезең

S.7 Құқықтық негіз

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.10 Тарату жиілігі

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.13 Сапаны басқару

S.14 Өзектілік

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.17 Салыстырмалылық

S.18 Келісушілік

S.19 Жүктеме

S.20 Деректерді қайта қарау

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланысатын адамының аты

Махсотова Райгул Алпысбаевна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Департамент директоры: Жақыпбекұлы Қуанышбек

Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

Ra.Makhsotova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 749519

S.2 Өзектілік- кіріспе

Құрылыстағы баға индексі құрылыс өндірісінің техникалық циклінің барлық кезеңдерінде: құрылыс-монтаждау жұмыстары, машиналар және құрал-жабдықтар, өзге де жұмыстар мен шығындарда қолданылатын материалдық-техникалық ресурстарға бағаның өзгеруін сипаттайды.

Құрылыстағы баға индексі құрудың мақсаты құрылыс өндірісіне қажетті материалдық-техникалық ресурстар құнының өзгеруін бағалау болып табылады.

Құрылыстағы баға индексі құрылыс қызметі көрсеткіштерінің нақты көлем индекстерін есептеуде; жалпы ішкі өнімді және басқа да экономикалық-талдау есептеулерінде; құрылыс ресурстары құнының өзгеруіне байланысты құрылыс жобасының құнын түзету үшін құрылыс және жобалау ұйымдары пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономик а министрлігі Статистика комитетінде әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, сондай-ақ "Атамекен" ҰКП қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомствалық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

30.11.2024

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

30.11.2024

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

30.11.2024

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Құрылыстағы баға индексі Қазақстан Республикасының облыстары бойынша; технологиялық құрылымның элементтері (құрылыс-монтаж жұмыстары, машиналар мен жабдықтар, өзге де жұмыстар мен шығындар) бойынша, экономикалық қызметтің түрлері бойынша бір айға салғастыру кезеңдері (есепті ай өткен айға, өткен жылғы желтоқсанға, базалық жылдарға, өткен жылғы тиісті ай және кезең өткен жылғы тиісті айға және тиісті кезеңдерге, есепті тоқсан өткен тоқсанға, өткен жылғы тиісті тоқсанға, 1991 жылғы сметалық бағаларға) есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Құрылыстағы баға индекстерін құру кезінде келесі жіктелімдер пайдаланылады:

- 1) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеушісі (ЭҚЖЖ) Бюроның www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Негізгі» / «Статисткалық жіктеуіштер» / «Ұлттық» бөлімінде қолжетімді;
- 2) Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, қызметтердің) анықтамалығы (ӨӨСЖ) Бюроның www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Негізгі» / «Статисткалық жіктеуіштер» / «Анықтамалықтыр» бөлімінде қолжетімді;
- 3) Бағаларды байқау үшін құрылыс өндірісінде қолданылатын материалдар, бөлшектер және конструкциялар түрлерінің анықтамалығы (БҮҚӨА) (бұдан әрі - Тізбе) Бюроның www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Негізгі» / «Статисткалық жіктеуіштер» / «Анықтамалықтыр» бөлімінде қолжетімді;
- 4) Еуразиялық Экономикалық Одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭКТН) Бюроның www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Негізгі» / «Статисткалық жіктеуіштер» / «Мемлекетаралық» бөлімінде қолжетімді.

S.4.3 Секторалдық қамту

Экономиканың зерттелетін сегменті қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес «Құрылыс» секциясында ұсынылған.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1. Байқау түрі – іріктемелі.
2. Нысан индексі «1-ЦСМ».
3. Ұсыну мерзімі – Респонденттердің жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес.
4. Келесі анықтамалар осы статистикалық

Құрылыстағы баға индексін құру «Құрылыстағы баға индекстерін құру әдістемесіне» сәйкес жүргізіледі, ол Бюроның www.stat.gov.kz интернет

ресурсында «Негізгі» / «Статисткалық жіктеуіштер» / «Әдіснама» бөлімінде қолжетімді.

Құрылыс материалдары бағасының деңгейін байқау «Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесіне» сәйкес жүргізіледі, ол Бюроның www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Негізгі» / «Статисткалық жіктеуіштер» / «Әдіснама» бөлімінде қолжетімді.

Жоғарыда көрсетілген әдістемелерде келесі анықтамалар қолданылады:

а) агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлерде ірі жиынтықтарға біріктіру;

б) агрегаттық баға индексі – бағаның жеке (қарапайым) индекстері негізінде құрылады және жекелеген кіші топ, топ немесе жалпы зерделенетін құбылыс бойынша бағаның өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш;

в) жеке (қарапайым) баға индексі – зерделенетін жиынтықтың (нақты тауардың, қызметтің) бір элементі бағасының өзгерісі;

г) құрылыстағы баға индексі – құрылыс өндірісінің барлық кезеңдерінде: құрылыс-монтаж жұмыстары, машиналар және құрал-жабдықтар, өзге де жұмыстар мен шығындарда қолданылатын материалдық-техникалық ресурстарға бағаның өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

5. Деректерді жинау құралдары – «Сатып алынған құрылыс материалдарының, бөлшектер мен конструкциялардың бағасы туралы есеп» (индексі 1-ЦСМ), кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны.

Статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz сайтындағы «Респонденттерге» / «2024 жылғы статистикалық нысандар» / «Айлық» нысандар / «1-ЦСМ» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді (үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (бөлшектеу) жұмыстарын жүзеге асыру арқылы өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды құрумен айналысатын кәсіпкерлік субъектісі құрылыс саласындағы статистикалық объект болып саналады.

Атқарылған жұмыстың едәуір көлеміне сүйене отырып, мердігерлік ұйымдар тізбесі қалыптастырылады. Іріктемеге меншіктің барлық нысанындағы және ұйымдық-құқықтық нысандағы құрылыс ұйымдары кіреді.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Бас жиынтықты ЭҚЖЖ-ға сәйкес «Құрылыс» экономикалық қызмет түріне жататын жалпы құрылыс, мамандандырылған ұйымдар құрайды.

Базалық объектілерді іріктеу кезінде құрылыс ұйымдарының өз күшімен атқарған мердігерлік жұмысының көлемі назарға алынады. Өткен жылы

құрылыс ұйымдары атқарған жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) туралы есептің статистикалық деректерінің негізінде құрылыс ұйымдарының барлық бас жиынтығы бойынша «құрылыс ұйымдары нақты атқарған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны» көрсеткіші анықталады.

Атқарылған жұмыстың едәуір көлеміне сүйене отырып, ірі және орташа мердігерлік ұйымдардың тізбесі қалыптастырылады.

Тар шеңберде мамандандырылған бағыттағы жұмыстарды атқару үшін құрылыс материалдарының түр-түрін есепке алу үшін шағын мердігер ұйымдар іріктемеге шектеулі түрде қосылады.

Іріктемелі жиынтыққа іріктеуде дара кәсіпкерлер қосылмайды, өйткені оларға жиі ауысу, басқа құрылыс материалдарын сатып алуда және өкіл тауар сипаттамасында болып жататын ассортименттік өзгерістер тән.

Құрылыс ұйымдары іріктемеге заңды тіркелген орнына қарамастан, құрылыс өндірісін нақты жүзеге асырған орны бойынша кіреді. Аталған аумақта құрылыс қызметін едәуір көлемде жүзеге асыратын бас ұйымның орналасқан жерінен басқа жерде орналасқан құрылыс ұйымының филиалдары мен өкілдіктері есепке алынады.

Бағаларды тіркеу үшін құрылыс материалдарын (өкіл тауарларды) іріктеу Бағаларды байқау үшін құрылыс өндірісінде қолданылатын материалдар, бөлшектер мен конструкциялар түрлерінің тізбесіне сәйкес жүргізіледі. Тізбеде құрылыс өндірісіне едәуір тән және республиканың барлық аумағында репрезентативті нақты құрылыс материалдарының түрлері ұсынылған.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар

S.4.8 Қамту уақыты

Құрылыстағы баға индексі 1993 жылдан бастап қалыптастырылады

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең әр бес жыл сайын ауыстырылады.

2011-2015жж. базалық кезең 2010 жылғы желтоқсан.

2016-2020жж. - 2015ж. желтоқсан.

2021-2025жж. - 2020ж. желтоқсан болып табылады және т.с.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

Ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 8 қыркүйекте №6459 тіркелді);
3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспар;
4. «Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 232 бұйрығымен бекітілген;
5. «Құрылыстағы баға индекстерін құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 315 бұйрығымен бекітілген;

- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

- S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік беріледі;
2. 2015 жылғы 29 қазандағы №№375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;
3. Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі –Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылды.

- S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген).

- S.9 Жарияланымдар саясаты

- S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1 және 2-тармағы;

Статистикалық жұмыстар жоспары және 2025 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі www.gov.kz сайтында «Мемлекеттік органдар» / «Басқалар» / «Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі» / «Бюро» / «Құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Бюроның www.gov.kz сайтындағы «Басты» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайданушылардың бір мезгілде және тең қол жеткізуі.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурстарында орналастыру арқылы.

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Статистика» / «Экономика» / «Баға статистикасы» бөлімінде Баға индекстері туралы ақпарат Бюроның www.gov.kz сайтында «Негізгі» / «Статистика» / «Экономика» / «Баға статистикасы» бөлімінде қолжетімді.

S.10 Тарату жиілігі

Ай сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жедел ақпарат баспасөз хабарламасы түрінде жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасындағы құрылыстағы баға индексі мен бағалары» статистикалық бюллетені есепті кезеңде өткен аймен, өткен жылғы желтоқсанмен, базалық жылмен, өткен жылдың тиісті айымен және кезеңімен, есепті тоқсан өткен тоқсанмен, өткен жылғы тиісті тоқсанмен, 1991 жылғы сметалық бағалармен салыстырғанда республика және өңірлер бөлінісінде құрылыстағы баға индексі, құрылыс материалдарының түрлерінің баға деңгейі және құрылыс материалдарының топтары бойынша баға индексі бойынша деректерді қамтиды.

Бюроның www.stat.gov.kz сайтында ай сайын «Негізгі» / «Статистика» / «Баға статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде жарияланады.

S.11.3 Он-лайн режимдегі деректер базасы

«Талдау» АТЖ <https://taldau.stat.gov.kz> «Баға статистикасы» бөлімінде.

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі - кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген).

S.11.5 Өзге де

Жоқ
S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) «Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы «30» желтоқсандағы № 232 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №12940 болып тіркелген). Ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz сайтында «Негізігі» /«Баға статистикасы» / «Әдіснама» бөлімінде қолжетімді;

2) «Құрылыстағы баға индекстерін құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «14» желтоқсандағы № 315 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 14694 болып тіркелген). Бюроның www.stat.gov.kz сайтында «Негізігі» /«Баға статистикасы» / «Әдіснама» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат;

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;

- алғашқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық тұрғыдан бекітілген;

- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;

- салмақтау жүйелерін жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

«Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесі» және «Құрылыстағы баға индекстерін құру әдістемесі» Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропа қоғамдастығының Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банк әзірлеген «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе» қағидаттарын және ұсынымдарын есепке алумен әзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Құрылыстағы баға индексі ішкі (статистиканың салалық бөлімшелері), сыртқы пайдаланушылардың (мемлекеттік органдар, экономистер, басқару органдарының және кәсіпорындардың қаржы-экономикалық қызметінің қызметкерлері, ұйымдар, ғылыми, кәсіпкерлік және банк қызметкерлері, профессорлық-оқытушылар құрамы, студенттер, бұқаралық ақпарат құралдары) кең тобының қажеттіліктерін қанағаттандырады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде орналастырылған.

Бұдан басқа, пайдаланушылармен және респонденттермен тұрақты кері байланысты қолдау мақсатында Бюрода 1446 Бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Құрылыс материалдарының орташа бағасы туралы соңғы бес жылдағы деректердің дәлдігі және сенімділігінің талдауы вариация коэффициенті арқылы жасалды. Вариация коэффициенті – бұл кездейсоқ шаманың салыстырмалы бытыраңқылығының өлшемі. Ол кездейсоқ шаманың орташа бытыраңқылығы осы шаманың орташа мәніндегі үлесін көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым көп болса, зерттелетін мәnnің бытыраңқылығы соғұрлым жоғары және біркелкілігі төмен болады.

Вариация коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі: $C_v = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%$,

мұндағы SD – орташа квадраттық ауытқу;


$\bar{X}$ – орташа мән.

Орташа квадраттық ауытқу мына формула бойынша есептеледі: $SD =$

$$\frac{\sqrt{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}}{n-1}$$

Қазақстан Республикасы бойынша өлшемі 50x50мм, кіші өлшемді бұрыштардың, орташа бағасының вариация коэффициенті

пайызбен



Өлшемі 50x50мм, кіші өлшемді бұрыштардың 2020-2024 жылдардағы орташа бағасын талдау көрсеткендей зерттелген деректер жеткілікті түрде біркелкі болды. 2021 жылы байқалған бағаның ең үлкен таралуы көбіне COVID-19 пандемиясының салдары және 2020 жылы енгізілген шектеулермен байланысты.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Мақсатты іріктемені пайдалануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Анықталған жоқ.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдалануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 A2.Қамтуды арттыру - үлес

Мақсатты іріктемені пайдалануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 A3.Жалпы бірліктер - арақатынас

Мақсатты іріктемені пайдалануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4.Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Құрылыс материалдарына жетіспейтін бағаны алмастырудың тәсілдері Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5.Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Құрылыстағы баға индексі бойынша респонденттердің алғашқы

статистикалық деректерді ұсыну уақытынан бірінші жарияланымға дейінгі бастапқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалатын уақыт 15 күнді құрайды.

Бірінші нәтижелер есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Жариялау күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімдері жыл сайын Бюро басшысының бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленеді.

2021 жылы жарияланымдар мерзімін бұзу болған жоқ, нақты және жоспарлы мерзімдер сәйкес келеді. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күніне түссе, жарияланым шығарылымы келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Құрылыстағы баға индексінің динамикалық қатары салғастырмалы және 1993 жылдан бастап үзіліссіз. Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Статистика» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде жарияланған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Құрылыстағы баға индексі құру әдіснамасының негізгі тәсілдері Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропа қоғамдастығының Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банк әзірлеген «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе» қағидаттарын және ұсынымдарын есепке алумен әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Сатып алынған құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкциялар бағасының өзгеруі өндірушілердегі бағаның өзгеруімен келісіледі.

Цемент бағасының өзгеруі

өткен айға



S.19 Жүктеме

Бағаны жинау респонденттің қалауы бойынша электронды түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Деректерді жинау он-лайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және ұйғарынды ақпаратты бақылау, жетіспейтін деректерді енгізу рәсімдері көзделген.

Индекстің жекелеген элементтерін қалыптастыруда өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер бағасының, импорттың, тұтыну бағасының, көтерме сауда бағасының, жүк тасымалдау тарифтерінің индексі, еңбекақы индексі қолданылады.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

2024 жылы қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Құрылыстағы баға индексін құру құрылысқа салынған инвестициялардың технологиялық құрылым элементтеріне сүйене отырып жүргізіледі. Объектіні тұрғызуға кеткен шығындардың құрамы және олардың жалпы сметалық құнындағы үлесі технологиялық құрылым деп аталады. Құрылыстың сметалық құны инвестицияның құрылымына және құрылыс-монтаж ұйымдарының қызметін жоспарлау тәртібіне сәйкес жұмыстар мен шығындардың мынадай түрлеріне бөлінеді:

- 1) құрылыс-монтаж жұмыстары;
- 2) машиналар мен жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындар;
- 3) басқа да жұмыстар мен шығындар.

Құрылысқа салынған инвестициялардың технологиялық құрылым

элементтерінің үлес салмағы есепті жылға жуық жылғы инвестициялық қызмет туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың деректері бойынша анықталады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Ай

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау респонденттер қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде статистикалық нысанды толтыру және ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Бюроның интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz>) орналастырылған «Респондент кабинеті» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

"Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

Алғашқы статистикалық деректерді енгізу кезінде ең төменгі және ең жоғары баға индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары; баға деңгейін өткен айдың баға деңгейімен салыстыру және т.б.

Есепті айда қиыршықтас, мұнай жол битумдары, портландцемент, жайма болат, А-III сыныпты ыстықтай илектелген арматуралық болат (созбасым) бағасы өзгерген жағдайда, респондент алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін статистика органдарына статистикалық нысанмен бірге мынадай қосымша ақпаратты: жөнелтпе құжаттарды, шот-фактураларды, сәйкестік сертификаттарын және сынақ хаттамаларын тапсырады.

Құрылыс материалдарының басқа түрлеріне баға өзгерген және бағаларында елеулі айырмашылық болған жағдайда "Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 12-бабының 17) тармақшасына сәйкес статистика органдарының сұрауы бойынша растау құжаттары бір жұмыс күні ішінде ұсынылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Импутация құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Баға индексінің динамикалық қатарының үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін құрылыс қызметінің тұрақсыздығына және жыл бойы технологиялық процесс циклілігіне байланысты баға ақпаратының уақытша болмағанда құрылыс материалдарына жетіспейтін бағаны алмастырудың келесідей тәсілдері пайдаланылады:

- 1) материалдың уақытша жоқ ассортименттік түрінің орнына олардың баға деңгейінің айырмашылығы болмашы болған жағдайда технологиялық параметрлері бірдей, жойылған өкіл тауармен тікелей салыстырылатын жаңа түрі таңдап алынады;
- 2) жетіспейтін бағаның орнына соңғы тіркелген баға оларды ұзақ уақыт

қолдану мақсатында құрылыс материалын едәуір көлемде сатып алған жағдайда (өзгермеген бағаны қою кезеңі базалық объектінің маманымен келісу арқылы анықталады) пайдаланылады.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.